

## 2011 жылғы бір жолғы талондардың құны мөлшерін белгілеу туралы

Атырау облысы Қызылқоға аудандық мәслихатының 2010 жылғы 14 желтоқсандағы № XXIV-5 шешімі. Әділет департаменті Қызылқоға ауданының әділет басқармасында 2011 жылғы 17 қаңтарда N 4-5-142 тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабына, Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы № 100-IV "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексін (салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы заңының 36 бабының 1, 6 тармақтарына сәйкес, Қызылқоға аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Базар аумағындағы дүңгіршіктер, стационарлық үй-жайлардағы (оқшауланған блоктардағы) сауданы қоспағанда, базарларда тауарлар өткізу, жұмыстарын орындау, қызметтер көрсету жөніндегі қызметтерді жүзеге асыратын жеке тұлғалар, дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғаларға бір жолғы талондардың құны қосымшаға сай б е к і т і л с і н .

2. Бір жолғы талон негізіндегі кәсіпкерлік қызметтің жүргізілуін ұйымдастыру аудандық салық басқармасына (З. Нұрмашеваға – келісім бойынша) және округ ә к і м д е р і н е ұ с ы н ы л с ы н .

3. Осы шешім ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихаттың кезекті  
XXIV сессиясының төрағасы: Қ. Қоданов

Аудандық мәслихат хатшысы: Т. Бейсқали

" К Е Л І С І Л Д І "

Аудандық салық басқармасының бастығы 3. Нұрмашева  
14.12.2010 ж.

А у д а н д ы қ м ә с л и х а т т ы ң  
2 0 1 0 ж ы л ғ ы 1 4 ж е л т о қ с а н д а ғ ы  
№ XXIV-5 шешіміне қосымша

Базар аумағындағы дүңгіршіктер, стационарлық үй-жайлардағы (оқшауланған блоктардағы) сауданы қоспағанда, базарларда тауарлар өткізу, жұмыстарын орындау, қызметтер көрсету жөніндегі қызметтерді жүзеге асыратын жеке тұлғалар, дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғаларға бір жолғы талондардың құнының тізбесі

| Рет саны | Кәсіпкерлік қызметтің түрлері             | Бір жолғы талондардың құны (теңгемен) |
|----------|---|---------------------------------------|
| 1        | Азық-түлік, ет өнімін, көкөніс-жеміс сату | 170                                   |
|          |   |                                       |

|   |  |     |
|---|--|-----|
| 2 | Киім, аяқ киімдер, парфюмерия, косметика сату          | 250 |
| 3 | Шаруашылық тауарлары, кеңсе бұйымдары, ойыншықтар сату | 200 |
| 4 | Қосалқы бөлшектер және шаруашылық бұйымдарын сату      | 300 |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК